



ТУУ НЕГЕ
ТӨМЕНДЕДІ?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АРАҚ ІШКЕН АЗАР,
ҚЫМЫЗ ІШКЕН ОЗАР...

8-БЕТ | ҚОҒАМ



ГЕРМАНИЯ
САПАРЫНЫҢ САЛДАРЫ

9-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз алдағы уақытта жаңа экономикалық бағдармен жүреміз десек, Үкімет және әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Ұлттық экономиканы өркендету үшін жаңа идеялар және ұзақ мерзімге арналған жүйелі ұстаным қажет. Біз еліміздің даму қарқынын күшейтуіміз керек. Экономиканы әртараптандырып, шетелден көбірек инвестиция тарту қажет.

№69
(4657)

Сейсенбі
11 маусым
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Астана қаласының жылнамасындағы ерекше күннің бірі – 1998 жылдың 10 маусымы. Дәл осы күні Қазақстан бүкіл әлемге өзінің жаңа, жас, жасампаз елордасын таныстырды. Халықаралық тұсаукесер рәсіміне мемлекет басшылары, мәртебелі меймандар, шетелдік көрнекті әртістер шақырылды.

4



ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН АСТАНА

ПЕТИЦИЯ ҚАРАУҒА ҚАБЫЛДАНДЫ

Биыл еліміз бірыңғай уақыт белдеуіне көшті. Өзгеріске қарсы шыққан қазақстандықтар бұрын қолданыста болған уақыт белдеуін қайтару жөнінде петиция жариялады.

«E-Petition.kz» ресми порталында жарияланған петиция ресми қарау үшін қажетті қол жинады. ҚР ӘРПК-нің 90-4-бабына сәйкес, 50 мың қол қою шегіне жеткеннен кейін ҚР Сауда және интеграция министрлігі өтінішті қарауға қабылдады.

«ҚР ӘРПК-нің 90-5-бабына сәйкес, петицияны қарау мерзімі тіркелген сәттен бастап 40 жұмыс күнді құрайды. ҚР Сауда және интеграция министрлігі мүдделі тараптардың, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін қоса жұмыс тобының жұмысын ұйымдастырады. Өтінішті қарау процесі заңнама талаптарына сәйкес жүргізіледі» делінген министрліктің мәлімдемесінде.



Оқу-ағарту министрлігі енді білім ордаларына кіргізуге тыйым салынған заттардың тізіміне вейпті де қосты.

Биыл вейптерді сату мен оны өндіруге заң жүзінде тыйым салынған. Заңнан аттап өткендер 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұған дейін вейптерден басқа темекі өнімдерін, электронды шылымды мектепке алып кіруге болмайтын. Енді жаңа түзетулерге сәйкес бұл тізім вейптермен толықты.



Бас қалада №201, 202, 203 түнгі қоғамдық көліктер жүре бастады.

Олардың бағыты мынадай:
* №201 бағдар: Теміржол вокзалы – Пригородный тұрғын алабы;
* №202 бағдар: Отау шағын ауданы – Жағалау;
* №203 бағдар: Көктал-1 тұрғын алабы – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы.
Қоғамдық көліктердің қозғалысын Avtobus мобильді қосымшасы арқылы онлайн бақылауға болады. Бағдарлар түнгі сағат 00:00-ден таңғы сағат 06:00-ге дейін жүреді. Жол жүру құны – 90 теңге.



Қазақстанның қоржынына нысана көздеу спортынан тағы бір Олимпиада жолдамасы түсті. Оны ел құрамасы сапынан Ирина Юнусметова еншіледі.

Бүгінгі таңда Париж ойындарында ел намысын қорғайтын Қазақстан ұлттық құрамасы қоржынында әзірге 67 жолдама бар. Барлық спорт түрі бойынша тыңғылықты дайындық өтіп жатыр. XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылдың 26 шілдесі мен 11 тамыз аралығында өтеді.

ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ 16 МАУСЫМДА ЕЛОРДАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРІНДЕ ЖОЛ ЖҮРУ – ТЕГІН

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 481.1 \$ USD/KZT 448.12 ₪ RUB/KZT 5.05 ¥ CNY/KZT 61.83

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ҰҚШҰ БАС ХАТШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады. Кездесуде ұйымның Қазақстан төрағалығы кезеңіндегі негізгі міндеттерін жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-ның жарғылық жұмысында ұйымға мүше барлық мемлекет үшін анағұрлым өзекті әрі сұранысқа ие бағыттарға назар аудару қажет екенін атап өтті. Оның пікірінше, терроризм, есірткі мен қарудың заңсыз айналымы, ақпараттық саладағы қылмыс секілді сын-қатерлерге қарсы күрес

мәселесіне айрықша мән берген жөн. Сонымен қатар Президент өңірлік қауіпсіздікті нығайту мақсатында басқа да халықаралық құрылымдармен конструктивті ынтымақтастықты жолға қою маңызды екенін айтты.

Иманғали Тасмағамбетов ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің былтыр қараша

айында өткен сессиясында Қазақстанның бастамасымен қабылданған іс-шаралар жоспарының орындалу барысы жөнінде мәлімет берді.

Сонымен қатар кездесуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына және еліміздің аумағында өтетін оқу-жаттығу жиындарына дайындық мәселесі қарастырылды.

ЕКІНШІ ОҚЫЛЫМДА ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен палатаның бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды. Депутаттардың талқылауына тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер екінші оқылымда ұсынылады.


Үкімет оларды Мемлекет басшының халықтың тұрғын үйге қолжетімділік мәселесін шешу туралы тапсырмасын орындау үшін әзірледі. Осы мақсатта «Отбасы банк» акционерлік қоғамын оған жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйді беру, есепке алу және бөлу жөніндегі функцияларын бере отырып, ұлттық даму институтына айналдыру ұсынылады. Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар халықтың әлеуметтік жағынан

осал топтарының төрт санаты үшін мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға басым құқықты сақтауға бағытталған түзетулер енгізді. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградалған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар. Осы тізбеге мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды, I, II топтағы мүге-

дектігі бар адамдарды қосымша қосуға бағытталған түзетулер бар. Жалпы отырыста депутаттар «Көлікті дамытуға және көлік саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі туралы» Жоғары аудиторлық палата төрағасының есебін тыңдайды. Сонымен қатар Мәжіліс бірқатар халықаралық шартты ратификациялау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа алады.

АСТАНАДА КАРТОП НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Маусым айының бірінші аптасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің орташа баға индексі 0,1 пайызға төмендеді. Өңірлердегі баға көрсеткіші 8 маусымда Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте қаралды.



Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков атап өткендей, егістіктен алынған жаңа өнімнің бағасы қазір тұрақсыз және күн сайын өзгеріп отырады. Дегенмен әкімдіктердің ерте шығатын өнімге форвардтық келісімшарттарды уақытылы жасасуы баға ауытқуын реттей алады.

Алматыда әлеуметтік өнімдерді жеткізу жағдайына ерекше назар аударылды. Бұл қала бүкіл ел бойынша азық-түлік

инфляциясының индексі қалыптастыруға ең үлкен әсер ететін аймақтардың қатарында бірінші тұр. Одан кейін Астана мен Шымкент келеді. Алматының базарларын тұрақты бағадағы өніммен толтыру үшін көкөністерді тікелей жеткізушілер аздық етеді. Осыған байланысты Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігінің алдына жақын маңдағы облыстардан көкөністерге кепілдік беретін жеткізушілерді республикалық маңызы бар үш қалаға бекіту міндетін қойды. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар үздіксіз жеткізу кепілдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Кеңес қорытындысы бойынша вице-премьер әкімдіктерге бағаны тұрақтандыру мәселелері бойынша ӘКК жұмысын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Атап айтқанда, 2025 жылдың маусым-аралық кезеңінде қазақстандықтарды тұрақты бағадағы көкөніспен қамтамасыз ету үшін 2024 жылғы 1 тамызға дейін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінен өнім сатып алуды қаржыландыру қажет.

КОНГОМЕН ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конго Республикасы Президентінің стратегиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жеке өкілі Франсуаза Жолиді қабылдады.



Президент Франсуаза Жолиді иттипат білдіре отырып, оның бұл сапары Қазақстан мен Конго Республикасы арасындағы өзара тиімді байланыстарды дамытуға деген шынайы ниеттің белгісі саналатынын атап өтті. Мемлекет басшысы биыл

елдеріміз дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығын атап өтетініне тоқталып, Конго Республикасымен ықпалдастықты нығайтуға дайын екенін айтты.

Өз кезегінде Франсуаза Жолиді құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс

білдіріп, Президент Дени Сассу-Нгессоның ізгі тілегін жеткізді. Кездесуде Конго Республикасы Президентінің Қазақстанға жасайтын алдағы сапарына қатысты мәселелер, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды.

ПОРТУГАЛ ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Португалия Президенті Марселу Нуну Дуарте Ребелу де Соузаны және барша португал халқын осы елдің ұлттық мерекесі – Португалия күнімен құттықтады.

«Ғасырлар бойы қалыптасқан терең тарих пен бай мәдени мұраға сүйене отырып, бүгінде Португалия өзінің орнықты даму, халқының әл-ауқатын жақсарту және халықаралық аренадағы беделін арттыру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы тұста Отаныңыз әрі қарай қарыштап өркендеуіне, мерейінің әрқашан үстем болуына тілектеспін. Астана мен Лиссабон арасындағы достық қарым-қатынастар алдағы уақытта елдеріміздің игілігі үшін ұдайы дами

беретініне сенімдімін» деп жазылған жеделхатта. Қасым-Жомарт Тоқаев Марселу Нуну Дуарте Ребелу де Соузаға зор денсаулық, оның аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас португал халқына құт-береке тіледі.



МЕДИА ДАМУЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Қазақстан медиа альянсі мен «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық ұйымы бірлесіп өткізген «Журналистік этика. Фактчекинг және манипуляция» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Кездесуге қатысушылар креативті индустрияны дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жас қызметкерлерді, блогерлер мен ықпалды азаматтарды қолдау мәселесін, сондай-ақ қазақ тіліндегі ақпарат ауқымын қалыптастыру және тарату арқылы қазақ тілін дамыту мен насихаттау туралы ұсыныстарды талқылады. Сенатор дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын трансформациялау, сөз бостандығын қорғау және журналист мәртебесін бекіту-

ге бағытталған мемлекеттік реформалар туралы айтты.

«Сенат қолданыстағы бұқаралық ақпарат құралдары туралы бірнеше заңның ережелерін біріктірген маңызды заңды қарады. Құжатқа мемлекеттік емес БАҚ-ты грант арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын қаржыландыруды жетілдіру, БАҚ сауалдарын қарау мерзімдерін 7-ден 5 жұмыс күніне дейін қысқарту, журналистердің кәсіби қызметіне құқықтық кепілдік беру, сондай-ақ БАҚ-ты өзін-өзі

реттеу және журналистердің Әдеп кодексін әзірлеу жөніндегі қоғамдық-кәсіби кеңес құру сияқты негізгі инновациялар кіреді. Бұл заң БАҚ саласына оң ықпал етеді және отандық медиа-кеңістікті дамытуға жаңа серпін береді» деді Нұртөре Жүсіп.

Халық қалаулысы ауқымды ақпараттық мазмұн қалыптастыру және тарату үшін жасанды интеллектті қолданумен қоса цифрлық шешімдерді енгізу мен жетілдірудің маңызын атап өтті.

ҮКІМЕТ НАЗАРЫНА

ҰЛТ БОЛУДЫҢ АЗАБЫ

НЕМЕСЕ НИЕТ ДҰРЫС, АЛ ӘРЕКЕТ ШЕ?

Менің алдымда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2024 жылы дайындаған «Жеке басын куәландыратын құжаттарда, сондай-ақ үміткерлердің ұлтын растайтын басқа да құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидалары» аталатын құжаттың жобасы жатыр.



Бұл құжат идеясы бізге ұнайды, себебі басты мәселе этникалық қазақтарға ҚР азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға бағытталған, бірақ негізгі идеясы өте маңызды бұл құжаттың іске асырылу тетіктері «ҚР азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға» бірнеше есе қиындағанды. Неге? Біз осы мәселелерді талқыға салып көреміз.

Біріншіден, осы маңызды құжатты дайындаған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «ұлт» және «этнос» ұғымдарын айырмаған. Ұлт пен этностың арасын айыра алмау – қоғамдық ғылымдардың үлкен ауруы. Біз советтік анықтамалармен әлі де «ғылым жасап» келе жатқан елміз. Мәселен, Сталин «Марксизм и национальный вопрос» еңбегінде «Нация есть исторически сложившаяся устойчивая общность людей, возникшая на базе общности языка, территории, экономической жизни и психологического склада, проявляющаяся в общественной культуре» дейді (Сталин И. Марксизм и национальный вопрос. М., Госполитиздат, 1952, с. 12). Шын мәнінде, бұл этностың анықтамасы, яғни тіл бірлігі, ортақ қонысы, шаруашылығы, мінез-құлқы – этносты өзгелерден оқшаулайтын белгілер. Кембридж әлеуметтік антропология кафедрасының профессоры Э.Геллер «Nations maketh man; nations are the artefacts of men s convictions and loyalties and solidarities» дейді, яғни ұлтты адам жасайды, ұлт – адамның сенім-нанымның, құмарлығы мен ынтызарлығының бейімділігі мен дағдыларының жемісі (Gellner E. Nations and nationalism. Library of the Central European university, Budapest. Oxford, Blackwell Publishers, 1983, p. 7). Егер жоғарыдағы анықтаманы тікелей түсіндіретін болсақ, ұлт болу үшін адамдарға ортақ шығу

тегі міндетті емес, бастысы – сол қауымға ортақ символдарды және тіршілік ережелерін қабылдауы. Қазақ ұлтының өкілі болу үшін 77 атаңнан бері этникалық қазақ болу шарт емес.

Екіншіден, жоба авторлары ҚР азаматы болу үшін өтініш берген адамның қазақ ұлтына жататынын анықтау үшін молекула-генетика сараптамасын жасау керек дейді. Бұл – түбірімен адами және ғылыми тұрғыдан қате түсінік.

Енді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін бұл қателікке итермелеген алғышарттарды талдайық:

Біріншіден, соңғы он жылдықта Қазақстанда әр түрлі деңгейде қан туралы әңгіме көбейіп кетті. Бұл әңгімелер генетикаға, қан туралы ілімдерге еш қатысы жоқ адамдар тарапынан қоғамға таңбылды. Оның ең бір айшықты көрінісі «Нұр Отан» партиясының ықпалын пайдаланып, «оралман» атауының «қандасқа» өзгеруі (Ауыт Мұқибекұлы, т. б.). Терең ойластырылмаған өзгерістің нәтижесінде сыртқы елдерден көшіп келген қазақтар ғана емес, қазір өзінің туған жеріне, яғни Қазақстанға қайта оралған өзге (орыс, неміс, кәріс, т. б.) этнос өкілдері де қандас атанды.

Қазіргі күні халықтың қараңғылығы, «аборигендік синдром», шенеуніктерінің үстірттігі себепті қан туралы әңгіме күннен-күнге асқынып барады. Бұл белгілі дәрежеде Қазақстанда кең көлемде жүргізіліп жатқан ДНҚ зерттеулерге қатысты. Біздің ойымызша, ҚР-да бұл бағытта зерттеулер жүргізілгенінде еш оғаштық жоқ, мәселе оны тым дәріптеп, жарнамалап жіберуде (Жақсылық Сәбитов, т. б.). Біз қан туралы зерттеулерді арнайы дайындығы және азаматтық түсініктері мықты генетика мамандары жүргізуі керек деп санаймыз.

Жас кезімде профессор Оразақ Смағұловтың антропологиялық экспедицияларына қатыстым. Бір жолы Оразақ ағай өзінің қалай антрополог болғанын баяндады. Қазақ университетін бітірген соң Алматы медицина институтында профессор Бөкейханов қарамағында екі жыл бойы адам сүйектерімен жұмыс істегенін айтты. Егер біздің жаңадан пайда болған «генетиктер» екі жыл бойы арнайы дайындықтан өтсе олардың сөзіне сенер едім.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «өтініш берушінің қазақ екенін анықтау үшін молекула-генетика сараптамасын (этникалық тест) өткізу туралы» шешімі қандай ғылыми негізге сүйенеді?

Менің білуімше, молекула-генетика сараптамасы адамның әке-шешесін айырып береді, тұқым қуатын ауруларын анықтауға көмектеседі, бірақ ешқашан адамның этникалық шығу тегі туралы ақпарат бере алмайды. Себебі әлемде бір атадан тараған этнос жоқ, жер бетінде мыңдаған этнос болса, соның көпшілігі құрама. Мысалы, қазақ этносы XV ғасыр басында жүздеген ру-тайпадан құралды. Көптеген ру-тайпаның өзінің мемлекеттік тарихымен қатар өзінің қандық ерекшелігі болды. Мысалы, Ұлы жүз ішінде дулат, албан, суан, т. б. С3 гаплотобына жатады, яғни қаны жағынан моңғолға жақын, жалайырда С3-пен қатар R1a1a бар деп есептеледі. Орта жүз арғында G1 басым, яғни ирандықтарға жақын, ал арғын ішіндегі бөріші атасының қаны I 2a 2a M-223 Еуропада көп кездеседі. Енді осы I 2a 2a M-223 қанымен сізге испандық өтініш берсе, оны сіз этникалық қазақ деп қабылдай аласыз ба?! Сөз жоқ, ертеде халықтардың ұлы көші-қоны кезінде қазақ жерінен аттанған қауымдар Еуропаға да,

Солтүстік Африкаға да, Үндістанға да қоныстанды, бірақ қазіргі уақытта олардың бәрі де өзге этнос өкілдері. Осы сияқты Кіші жүзде де бір басым қан тобы жоқ, мысалы беріш ішінде С3, J2a1, R1b гаплотоптары бар делінеді. Осы үшеуінің қайсысын сіз қазақ гаплотобы деп қабылдайсыз? Ендігі бір сұрақ – бұл зерттеулер халықтың қанша пайызын қамтыды? Менің ойымша, өте аз бөлігін, оған қарап мынау қазақ мынау қазақ емес деп шешім шығару қаншалықты дұрыс?! Ал егер сіз жер бетіндегі 17 млн қазақты түгел ДНҚ зерттеулермен қамтысаңыз, гаплотоптар саны бірнеше есе өсетіні күмәнсіз. Себебі қазақ этносы Орталық Азияның далалық аймағын бірнеше мыңдаған жыл бойы мекен еткен және Еуразиялық әлемнің барлық аймағына тараған көне және ортағасырлық халықтардан құралады. Қазақ жері – Мағжан Жұмабаев жазатын өзге халық енші алып кеткен кезде бізге бұйырған «қара қазан».

Сонымен қорыта айтатын болсақ:

1) қанға байланысты зерттеулер, сараптамалар ерте замандағы көші-қон бағыттарын, тұқым қуалайтын ауруларды, әке-шешені айырмайтын, қазақтықты айқындайтын этникалық тест қызметін атқара алмайды;

2) молекула-генетика сараптамасын өткізу туралы идея шешім қабылданып, бұйрық шыққан күннен бастап қулықпен ақша табу құралына айналады. Сырттан ҚР азаматы боламын деп өтінішпен келген қазақ текті адам молекула-генетика сараптамасын жасау үшін кемі 100 мың теңге шығарады, егер 5 адамдық отбасы болса 500 мың теңге (орташа есеппен). Сараптама идеясының құжатқа енуі де осы мүдденен туындауы әбден мүмкін;

3) қандас мәртебесін және ҚР азаматтығын беру үшін жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, қазақ тілі мен Қазақстан тарихы саласындағы мамандар, этнографтар кіретін комиссия құрылса жеткілікті;

4) өтініш берушілердің өзін этникалық қазақ ретінде сәйкестендіруге мүмкіндік беретін салт-дәстүрлерін, мәдениетін білуі жеткілікті;

5) қандас мәртебесін және ҚР азаматтығын алу үшін өтініш берушінің өзге де ҚР азаматтығына үміткер адамдар сияқты қазақ тілін білуі негізгі шарт;

6) өтініш берушінің қазақ екенін айырудың басты жолы – өзінің руы, жеті атасы туралы білуі. Бұл маңызды индикатор деп есептейміз. ҚР-да ру құрылымы бұрынғы дәрежеде өмір сүруін тоқтатқанмен, шыққан руы, жеті атасы туралы тарихи мәлімет әр қазақтың жадында бар.

7) Өзге елдерден ҚР азаматтығын аламыз деп келген қазақ текті азаматтарға молекула-генетика сараптамасын өткізу идеясы қауіпті.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, профессор



АСТАНА ТӘЖІРИБЕСІ ӨНІРЛЕРДЕ ІСКЕ АСАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің тапсырмасы бойынша Астанада бастау алған Joltar жобасы өңірлерде де жүзеге асады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты.

«Кеңейту жұмысы Қарағанды және Ақтөбе облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында басталды. Жақын арада бұл өңірлердің тұрғындары Joltar жобасына қатыса алады. Барлық сұрақ бойынша жергілікті әкімдіктерге хабарласуды ұсынамыз» деп жазды ұйымдастырушылар.

Жобаның операторы «Жаңа мүмкіндік» қорының алаңында Қарағанды облысы мен Алматы қаласының өкілдеріне жобаның механизмдері мен тәсілдерін таныстырды. Жобаның мақсаты – кеңес беру, қысқамерзімді офлайн оқыту дағдысы, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

«Joltar жобасы еліміздің өңірлерінде сәтті бейімделіп, мыңдаған азаматқа пайда әкеледі деп үміттенеміз» делінген жоба мамандарының хабарламасында.

«Joltar жобасы еліміздің өңірлерінде сәтті бейімделіп, мыңдаған азаматқа пайда әкеледі деп үміттенеміз» делінген жоба мамандарының хабарламасында.

ҰЙЫМДАР ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНАДЫ?

Астана қаласы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы депутаттық корпусының тапсырмасы бойынша бірқатар ұйымда процестерді автоматтандыру бағытында жұмыс жүргізді. Бұл туралы қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Жыл бойы Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы мынадай ұйымдарда процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізді:

* «Астана Тазалық» ЖШС-те кадр қызметінің электрондық картасы жасалып, электрондық табылдеу проблемалары бар балалармен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» қызметтері электрондық форматқа ауысты;

* Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлік даму басқармасы кәсіпкерлерге қатысты 8 өтінімді цифрландырды, бұл оларды өңдеу уақытын қысқартады;

* Астана қаласы Денсаулықтыру және спорт басқармасының автомат-

тандырылған есептілігі, спортшылардың, жаттықтырушылар мен федерациялардың электрондық базалары әзірленді;

* Астана қаласы Білім басқармасының «мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету», «дамуында проблемалары бар балалармен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» қызметтері электрондық жазба және қорытынды беру енгізілді;

* Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы санаторий-курорттық емделуге кезек қалыптастыру сияқты бірнеше арнаулы әлеуметтік қызмет автоматтандырылды» деп жазды Е.Каналимов.

ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР ТАҢБАЛАНАДЫ


Елімізде 1 шілдеден бастап шығарылатын дәрі-дәрмектер таңбаланады. Осылайша Үкіметтің 2020 жылы 10 қыркүйектегі қаулысына өзгеріс енеді.

Бұл дәріханалар мен дистрибуторларға таңбалау кодтарын есепке алу және қадағалау үшін ақпараттық жүйелердің интеграциясын нақтылауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау министрінің орынбасары

Ербол Оспанов бүгінгі таңда 383 көтерме сауда қоймасының 287-сі қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталғанын мәлімдеді. Қазірдің өзінде 15 өңірге сынақ сапарлары өтті. Қалған 5-еуі жақын арада тексеріледі.



Елорда тарихында 1998 жыл ел астанасы атауының өзгеруімен есте қалды. 1997 жылы 10 желтоқсанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының елордасы етіп жариялау жөніндегі Жарлығына қол қойды. Сол сәттен бастап-ақ Ақмола облыс құрамынан шығып, дербес әкімшілік-аумақтық бірлікке айналды. Дәл сол күні Мемлекет басшысының жаңа резиденциясында Президент, Парламент және Үкіметтің бірлескен отырысы өтті. Осылайша, ел астанасын көшіру бастамасы ресми түрде жүзеге аса бастады.



АСТАНА ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН КҮН

1998

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

1998 жылдың 6 мамырында Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгерді. 9 маусымда Астанада Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиті өтіп, оған Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан президенттері келді. Ал 10 маусым күні жаңа астананың халықаралық тұсаукесері тойланды. Бұл күні Қазақстан бүкіл әлемге өзінің жаңа, жас, жасампаз елордасы – Астананы таныстырды. Сол күні қайта жөндеуден өтіп, жаңаланған Конгресс-холда Қазақстан Республикасы астанасы мәртебесіне ие болған Астана қаласының ресми тұсаукесеріне арналған мәжіліс өтті. Салтанатты іс-шараға мемлекет басшылары мен делегация жетекшілері, мәртебелі меймандар, Қазақстанның көрнекті әртістері мен ағылшын камералық оркестрі шақырылды. Халықаралық тұсаукесердің негізгі қойылымдары қаладан шыға берістегі Шортанды тасжолының бойында жаңадан тұрғызылған ипподромда ұйымдастырылды. Сол жолы мерекеге жиналған жұрттан көз сүрінді. Жағалай тігілген киіз үйлер, сап түзеген сауда қатарлары – бәрі-бәрі той үшін, төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен келген қонақтар үшін қызмет істеп жатты. Мерекенің ең басты қызығы ұлттық ат спортынан өткен сайыстар болды. Көкпар, теңге ілу, аударыспақ, қыз қуу секілді ұлттық өнерімізді тамашалаған шетелдіктер риза еді. 25 шақырымдық аламан бәйгеге еліміздің түкпір-түкпірінен жүздеген жүйрік қосылды. Сол жүзден жүйрік шыққан жамбылдық шабандоз Ернұр Төрөқұловқа Президент «Тойота» автокөлігінің кілтін табыстады. Теңге ілуде атбасарлық Жанайдар Аушақиев деген азамат топ жарып, халықаралық тұсаукесер мерекесіне арналған бәйге жарыстарымен қатар қазақ күресінен сайыстар өтті. Еліміздегі белгілі балуандардың бәрі дерлік қатысқан сол жарыста жамбылдық Сәлкен Жартыбаев «Түйе балуан» атанды. Тұсаукесердің ипподромдағы қызығына кенелген астаналықтар мен шаһар меймандары думанды қала ішіндегі мерекелік карнавалда жалғастырды. Мыңдаған адам Республика даңғылы мен Кенесары көшесінің бойынан жүріп өтті. Шерудің алғы шебіндегі сарбаздар оркестрінің екпінді дабылы көшені жағалай тамашалап тұрған жұртшылықтың көңілін көтере түсті. Концерттік алаңдардың бәрінде Қазақстанның ғана емес, ТМД мен әлемдік эстрада жұлдыздары өнер көрсетті. Әлемге әйгілі

Лучано Паваротти, атақты итальян әншісі Тото Кутуньо, сондай-ақ Анне Вески, Филипп Киркоров, Роза Рымбаева, Лайма Вайкуле және басқа да жұлдыздар, Лондон симфониялық оркестрі, «Modern Talking», «А-Студио», «Дуэт L», «Яшлык», «АБК», «На-На» секілді танымал өнер топтары жұртшылықты өнерімен тамсандырды.

Есте қалған тағы бір ақжолтай оқиға Астанада күн батып, орталық алаңда гала-концерт өтіп жатқанда, ғарышта қалықтап жүрген Талғат Мұсабаев үлкен экран арқылы барша қазақстандықты Астана мерекесімен құттықтады.

Астананың халықаралық тұсаукесер рәсімі аясында түркітілдес мемлекеттердің V саммиті өтіп, бұл жиынға қатысқан Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан елдерінің басшылары қазақ елінің жас астанасын құттықтаған еді.

1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

Бүгінде Астана халықаралық маңызы бар түрлі форум, конгресс, өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанада ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИБҰ-ның мерейтойлық саммиттері болып өтті. 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады. Қазақстан астанасының төрінде «ЭКСПО-2017» мамандандырылған халықаралық көрмесінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

1999 ЖЫЛЫ АСТАНА ЮНЕСКО ШЕШІМІМЕН «ӘЛЕМ ҚАЛАСЫ» АТАҒЫН АЛДЫ

Оған 17 елдің мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Олардың қатарында ШЫҰ-ның Астана саммитіне келген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Ауғанстан Президенті Ашраф Гани Ахмадзай, Моңғолия Президенті Цахиагийн Элбэгдорж, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Үндістан Премьер-министрі Нарендра Моди мен Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-министрі Мухаммад Наваз Шариф бар. Сонымен қатар Испания королі Филипп VI, Сербия Президенті Александр Вучич, Люксембург Ұлы Герцогінің Премьер-министрі Ксавье Беттель көрменің ресми ашылуына мәртебелі қонақ ретінде арнайы келген болатын. Аумағы 25 гектарды құрайтын көрме кешенінде 115 мемлекеттің павильоны орналасты. Еліміздің жаңа елордасы

қысқа мерзім ішінде жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекет тәуелсіздігінің символына және жаһандық табысына айналды. Бүгінде Астана – елдің әкімшілік орталығы ғана емес, сонымен қатар ішкі және сыртқы саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелер талқыланатын беделді әлемдік диалог алаңына, дүниежүзілік ауқымдағы іс-шаралар өтетін орын.

Астананың атын әлемге әйгілеген халықаралық тұсаукесер салтанаты – елорда тарихының ұмытылмас жарқын беттерінің бірі. Бұл шараны әлемнің 100-ден аса елінен келген ақпарат өкілдері айшықтап көрсетті. Осы күннен бастап 10 маусым күні 2006 жылға дейін Астананың туған күні ретінде аталып өтетін. Кейін қалалық мәслихаттың шешімімен бұл дата 6 шілдеге ауысты. Ал 2008 жылы мемлекеттік мерекелер тізіміне енді. Яғни 6 шілде Қазақстан бойынша ресми түрде демалыс күні болып есептеледі.

Бүгінде Астана ел мен ұлттың мерейін тасытып, Қазақстанды күллі әлемге әйгілейтін өркеніетті шаһарға айналды.

Владимир РЕДКОКАШИН,
саяси және қоғам қайраткері,
Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат депутаты,
1997-2003 жылдары Ақмола қаласы іскерлік және мәдени ынтымақтастық орталығының директоры,
«Конгресс залы» МКК бас директоры:



АЛЫП МЕГАПОЛИСКЕ АЙНАЛДЫ

– Мен қарапайым жұмысшы отбасынан шыққанмын. Алматы халық шаруашылығы институтын, содан кейін Челябинскідегі мәдениет институтын бітіргенмін. Алғашқы еңбек жолымды дәнекерлеуші, жүргізуші болып жұмыс істеуден бастадым. Сол кездегі барлық жас секілді мен де комсомол қатарында болдым. Содан кейін құрылыс жұмысы жүріп жатқан тұста Целиноградтағы Жастар сарайын басқардым. Ол республикадағы жалғыз және Кеңес Одағындағы төртінші сарай болатын. Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру кезінде осы қаладағы бұрынғы Конгресс-холды басқардым. Қайта құру жұмысының қалай жүргені есімде. Күндіз-түні көз ілмей жұмыс істедік. Содан кейін қалалық мәслихаттың депутаты, артынша Сенат депутаты болып сайландым. Бұл жылдар тез өте шықты, бірақ осы кезеңде қаншама тарихи оқиғаны бастан өткердік. Бүгінде бұл қала әлемге танылды. Астананы көшірген жылдары өте қиын болды, ежелгі Ақмоланың аз уақыт ішінде осынша өзгеріп, тез дамып, әдемі, таңғажайып қалаға айналатынына ол кезде ешкім сенбеді. Бұл – біздің Президентіміздің еңбегі. Мен біздің қаламыз Астана деп жарияланған алғашқы күндерде Ресейдің «Время» бағдарламасынан диктор астаналардағы ауа райын хабарлап жатқанда, «Қазақстанның елордасы – Астанада ауа райы...» деген сөздерді естігенде кеудемді мақтаныш сезімі кернеді. Осы қалада туып-өскенім үшін өзімді бақытты санаймын. Бұл шағын провинциялық қала еді, бүгінде үлкен мегаполиске айналды. Астананы көшіру туралы ұсынысты қолдаушылардан гөрі, ол кезде бұл пікірге күмәнмен қараушылар көп болды. Қазір бұл қалада өмір сүру үшін барлық жағдай жасалған. Дамуды көздеген кез келген адам бүгінде болашағын осы шаһармен байланыстырғысы келеді. Тек өз мамандығын жақсы көріп, еліміз бен Астананың болашағы жолында әрқайсысы аянбай еңбек етсе деймін.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ БАСТАЛДЫ

Елордада жылдағы дәстүр бойынша қаланың және ел өңірлері тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі қайта басталды. Бұл туралы қалалық әкімдіктің ресми сайты мәлімдеді.



Бұл жолы Сарыарқа ауданындағы Б.Соқпақбаев көшесі, 21-үй жанында ашылған жәрмеңкеге Ақмола, Абай, Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласындағы жеке кәсіпкерлері қатысты.

Астана қалалық Инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі маманы Нұрдулет Қосманнғы айтуынша, биыл өңірлердегі тауар өндірушілер күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлік түрлерін көптеп әкелген. Олардың арасында көкөністер, жемістер, ет, сүт өнімдері мол болды.

Бас шаһарда өңірлік ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жақсы дәстүрге айналды. Мұндай игі іс-шара әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін делдалсыз, нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен сату арқылы қала тұрғындарына уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте оңтүстік аймақтар бақша дақылдарымен, ал батыс өңірлер балық және солтүстік облыстар ет өнімдерімен танымал екені белгілі. Жәрмеңкеге арналған ассортиментті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өздері тандайды.

Бытыр «Астана-Арена» стадионының жанындағы көлік тұрағы орналасқан аумақта өткен жәрмеңкеге Аршалы, Астрахан, Ерейментау, Егіндікөл, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Қорғалжын, Целиноград аудандары мен Қосшы, Степногорск және Көкшетау қалаларының кәсіпкерлері қатысқан болатын. Биыл іс-шара тұрғындардың өтініші негізінде Сарыарқа ауданының аумағына ауысты.

– Астанада өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өтіп келеді. Оның біз тұратын аумақта ұйымдастырылуы, әрине, осы маңдағы тұрғындарды ерекше қуантты. Алысқа бармай-ақ, үйіміздің маңынан күнделікті тұрмысқа қажетті барлық азық-түлік өнімін осы жерден сатып алуға мүмкіндік алып отырмыз. Бастысы, бағасы дүкендегіден әлдеқайда арзан. Сол себепті осындай іс-шаралар Астанада жиі өтіп тұрса, қарапайым халыққа қолдау болар еді, – деді елорда тұрғыны Айсұлу Тайжанқызы.

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, жәрмеңке әр демалыс күндері сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді.

Кеше «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің пленумы өтті деп хабарлады Elorda.info Мәдениет және ақпарат министрлігіне сілтеме жасап.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖИЫНЫ

Пленум отырысына Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, Мәжіліс депутаттары, қоғам қайраткерлері және ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Ардагерлер ұйымы Мемлекет бастысының «Адал адам – Адал

еңбек – Адал табыс» қағидатын жүзеге асырудың маңызын талқылады.

Аида Балаева пленумда ардагерлердің, яғни аға буынның ұлттық бірегейлікті нығайту мен елдің қарқынды дамуындағы рөлін атап өтті. Келер жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың 80 жылдығына орай министрлік іс-шаралар жоспарын әзірледі.

«Биыл Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Қазақстан ардагерлері туралы мәліметтерді қамтитын баршаға қолжетімді «Батырларға тағзым» порталы іске қосылды. Бүгінде порталдың қызмет аясы кеңейіп, барлық қазақстандық ардагерлер туралы деректерді біріктіретін ақпараттық интерактивті жүйе ретінде жұмыс істеуін мақсат етіп отырмыз. Сондай-ақ соғысқа қатысушыларға арналған Қазақстан-Ресей тарапының бірлескен фото-альбомын шығару жұмысы жүруде» деді Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Жиын соңында Аида Балаева көше атауларын беру, ескерткіштер орнату және тағы да басқа өзекті мәселелерде Ардагерлер ұйымымен тығыз байланыста болып, бірге жұмыс істеуге сенім білдірді.

Торғын АМАН



ФЕСТИВАЛЬГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚОҚЫС ЖИНАДЫ

«Satisfaction» фестивалінің қатысушылары іс-шараны өткізу кезінде Астанада өткен тазалық акциясына үн қосып, қоқыс жинады.

Фестивальге қатысушылар «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясына қолдау көрсетті.

Жұмыс тобына «Satisfaction» ауқымды жазғы фестивалінің тазалыққа бей-жай қарамайтын белсенді қатысушылары қосылды.

«Өзімізді мысалға келтіре отырып, біз барлық азаматты табиғатқа ұқыпты қарауға шақырамыз» деді фестивальге қатысушылардың бірі.



АЯЛДАМАЛАР АТАУЫ ӨЗГЕРДІ

Бас қалада бірнеше аялдаманың атауы өзгерді. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС мәлімдеді.

Қаладағы бірқатар аялдама атауы өзгерді:

1. «А-51» көшесі аялдамасы – «Adam armanу» ТК, №3, 14, 50, 66 бағдарлары бойынша;
2. «А-426» көшесі аялдамасы – «Восток» ТК, №3, 14, 50, 60, 66 бағдарлары бойынша;

3. «А-427 көшесі» аялдамасы – «Balausa» ТК, №3, 14, 50, 60, 66 бағдарларында;

4. Ж.Нәжімеденов көшесіндегі «А-82» көшесі аялдамасы – «Молодежный» ТК, №3, 14, 50, 60, 66 бағдарларында;

5. А.Байтұрсынұлы көшесіндегі «А-82» көшесі аялдамасы – «М.Тынышбайұлы көшесі», №11, 21, 32, 48, 50, 57 бағдарлары бойынша;

6. «А-75» көшесі аялдамасы – «Фирдаус» ТК, №11, 21, 32, 57 бағдарлары бойынша.

Сәбина КӘКІМЖАН



БАЛАЛАР ЖАРАҚАТЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Астана қаласындағы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері әкімшілік полиция комитетімен бірлесіп, балалардың терезеден құлауының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізуде. Балаларды жазатайым оқиғалардан қалай қорғау керектігі туралы қалалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы әкімшілік тәжірибе бөлімінің жетекшісі, полиция подполковнигі Бауыржан Тоқжұманов мәлімдеді.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметтері бойынша елордада балалардың жарақат алу дерегі көбейіп келеді. Балалардың басым бөлігі сіріңкемен ойнағанда немесе жол ережесін сақтамағанда, қараусыз қалғанда терезеден құлап оқиғаға тап болып жатады. Осы және өзге де мәселелер туралы баяндай келе, Әкімшілік полиция басқармасының бөлім жетекшісі оқиғалардың көп жағдайда ересектердің қарауынсыз қалған сәтте немесе ата-ананың назарынан тыс қалған уақытта болатынын жеткізді.

– Соңғы үш жылда өрт салдарынан 5 бала қаза тауып, 12 бала зардап шекті. Ағымдағы жылы 1 бала отпен ойнау салдарынан қаза болды. Сондай-ақ 2024 жылдың бес айында Астана қаласы білім беру ұйымдарының маңындағы жол инфрақұрылымын дамытудың ағымдағы жылға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр. 48 білім беру мекемесінің жанында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде «Астана қаласының Көлік және көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ-ге және қаланың аудан әкімдіктеріне кемшіліктерді жою үшін 39 нұсқама берілді, – деді Бауыржан Тоқжұманов.

Айтуынша, жыл басынан бері қалада барлығы 307 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Көмелетке толмағандардың қатысуымен 54 оқиға орын алды. 24 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

Балалардың сіріңкемен ойнауы немесе олардың жол ережелерін сақтамауы, сондай-ақ терезелерден құлауы орын алуда. Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасы әкімшілік тәжірибе бөлімінің жетекшісі мұндай жағдайлардың жиі болатынын және оқыс оқиғалардың алдын алу үшін ата-аналардың балаларды қараусыз қалдырмауы керекін атап өтті.

– Кішкентай балалар айналада болып жатқан барлық нәрсеге қызығушылық танытуы мүмкін, соның ішінде егер бала үйде жалғыз қалса, ол көшеде ойнайтын басқа балаларға қарап, терезеге жақындап, құлап кетуі мүмкін. Терезеден құлау жағдайының алдын алу және соның салдарын азайту үшін ата-аналар кішкентай балаларға төтенше жағдайлар кезінде қалай әрекет ету керекін, үйде жалғыз қалған кезде сіріңкемен ойнамауды және ашық терезеге жақындамауды үнемі түсіндіріп отыруы керек, – деді бөлім жетекшісі.

ТЖД қызметкері балалар жарақатының алдын алу үшін сақталуы қажет қауіпсіздік ережелерімен бөлісті.

– Егер үйде кішкентай бала болса, терезені ашық қалдырмаңыз, бірнеше секундтың өзіне бей-жай қарамау керек және бұл баланың өміріндегі соңғы сәт болуы немесе мүгедектікке әкелуі мүмкін екенін естен шығармаңыз. Москит торларын балалардың құлауынан қорғау құралы ретінде пайдаланбаңыз. Балалар оларға сүйенуді ұнатпайды, оларды сенімді тірек деп санамайды және олармен бірге құлап кетеді. Сондықтан баланың терезені өздігінен ашуына жол бермейтін қауіпсіздік құлпын орнатыңыз. Баланың терезеге көтерілуіне жол бермеу үшін жиһазды терезенің жанына қоймаңыз. Балаларға қауіпсіздік ережелерін үйретіңіз. Үлкен балаларды кішілеріне қарауға дағдыландырыңыз. Бала терезені өздігінен аша алмайтынды етіп терезелерге блокаторды немесе кілт бар тұтқаны орнатыңыз, – деді Бауыржан Тоқжұманов.

Балалар жарақатының алдын алу шаралары балабақшаларда, мектептерде, көпөтерілі үйлердің тұрғындары арасында, әсіресе ата-аналар арасында жадынама таратып, сақтық шараларын түсіндіре отырып жүргізіледі.

Астана қаласы тұрғындары мен Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымы депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары 2024 жылғы 12 маусым сағат 16:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 220-кабинет) «Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы» тақырыбына көпшілік тыңдау өткізеді. Анықтама телефоны: 55-66-36.

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы



ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ КӨҢІЛДІ

Жаз маусымы басталысымен арманына қанат байлаған оқушылардың демалыс орны мен балалар лагері өз жұмысын жалғастырады. Астаналық балалар 29 тамызға дейін онкүндік жазғы демалысын осы лагерлерде өткізеді.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

КІМ ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметінше, елордада 2024 жылы жазғы демалыстың барлық түрінен 1-10-сыныптың 200 мыңнан астам оқушысы (96 пайыз) қамтылады.

Қалалық білім беру ұйымдарының базасында 97 мектеп жанындағы лагерь, оқушылар қызыққан әртүрлі бағыт бойынша 75 бейіндік лагерь ашылған.

№43 қосымша білім беру мектеп-орталығында 3 маусымнан 23 тамызға дейін 720 баланы қамтитын «Ақ желкен» спорт лагері жұмыс істейді.

Аз қамтылған отбасынан шыққан балалардың жазғы демалысын тегін негізде ұйымдастыру үшін жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен 7326 бала тегін демалады.

1-4-сынып оқушылары «Бөбек», 5-9-сынып оқушылары «Балдәурен-Шучинск», «Балдәурен-Қапшағай», «Балдәурен-Балқаш» республикалық

сауықтыру лагерлерінде сауықтырудан өтеді. Оқу-ағарту министрлігінің берілген квотасына сәйкес, мұнда аз қамтылған және көпбалалы отбасынан шыққан 458 бала жаз бойы демалады.

Жалпы алғанда, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру сауықтыру және жұмыспен қамту секілді екі бағыт бойынша жүреді. Бірінші бағыт бойынша 97 мектеп жанындағы лагерь және оқушылардың мүддесі бойынша 75 бейіндік лагерь жұмыс істейді.

2025 жылға дейін ұлттық құндылыққа бейімделген тәрбие жұмысы лагерде ғана емес, қала мектептеріне де енгізілген. Қанатқақты жоба іске қосылған 2022 жылдан бері мектептерде оң өзгеріс байқалды: балалар сабаққа кешігуді қойды, оқушылар арасындағы тәртіп бұзушылық нөл деңгейіне төмендеді. Әрине, педагогтармен жүргізілген үздіксіз тәрбие жұмысы алдағы уақытта да жалғасады.

– Биыл 20 мектепте киіз үй орнатылған этнолагерь, 21 мектепте спорт лагері жұмыс істейді. Жаттықтырушылар балаларға арнайы алаңдарда спорт түрлерін үйретеді. Одан бөлек, танымал спортшылармен кездесу өтеді, –

деді Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Мәдина Сүлейменова.

ЕРЕКШЕ ЭТНОЛАГЕРЬ

Астанадағы Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейінде «Ақбота» жазғы сауықтыру лагері ашылды. Ашылу салтанатына қалалық Білім басқармасының өкілдері, мұғалімдер, мектептің бастауыш және 5-8-сынып оқушылары, арнайы шақырылған қонақтар мен ата-аналар қатысты.

– Біздің тобымыз «Жұлдыз» деп аталады. Маған лагерь өте қатты ұнап жатыр. Ұсыныс айтқан Клара Сапарқызына алғысым шексіз. Деніміз сау болу үшін Жанар Әлимұратқызымен күн сайын таңғы жаттығу жасаймыз. Әртүрлі ойын ойнап, уақытымызды өте қызықты әрі тиімді өткіземіз. Аспазылар бізге дәмді түскі ас әзірлеп береді, – дейді №88 мектеп-лицейінің 2-сынып оқушысы Ержігіт Хақназар.

– Достарымызбен қызықты киноға бардық. Барлық баланың тілін тауып, ерекше мейірімге бөлеген ұстаздарымызға, лагерьге баруға кеңес берген сынып жетек-

шіміз Салтанат Тұрсынбайқызына рақмет! – дейді Ержігіт Айсұлтан.

Балаларының жазғы каникулды мазмұнды, қызықты өткізіп жатқанына ата-аналар да дән риза.

– Мектеп жанындағы жазғы лагерь тәрбиешілеріне рақмет айтамыз. Балаларымыз неше түрлі қызық ойын ойнап, киноға, циркке барып үлгерді. Алғашқы бес күні балама ұнап жатыр, – дейді ата-ана Әсемгүл Жұмағалиева.

– Жазғы лагерь аясында қызым өзіне жаңа достар тапты, танымдық ойындарды қызықтады. Күн сайын мектептен жақсы көңіл күймен келгеніне қуанамын, – дейді ата-ана Махаббат Нұрахметова.

№88 мектеп-лицей директоры Жанат Айтова этнолагерьде жас өскенге ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлеріміз, ана тіліміз бен әдебиетіміз дәріптелетінін айтты. Мысалы, жүн сабап, ұршық иіру, құрақ құру, ши, кесте тоқу және т. б.

– Мектебімізде «Елорда – бақытты балалық мекені» атты лагерь ашылды. Мақсатымыз – этнолагерь арқылы ұлттық құндылықты дәріптеу. Этнолагерьде қыздар жағы ұлттық тағамдарды әзірлеуді, қамыр илеу мен нан жаюды, бауырсақ пісіруді үйренсе, ұлдар жағы бата беруді үйреніп, оның мән-мағынасын зерделейді. Осы аптадан бастап сүттен қатық-айран ұйытып, шілде айында ұршықпен жүн иіріп, кәдімгі текемет жасаймыз. Осыған 5 қойдың жүнін күтіп отырмыз, келген бойда оқушылармен бірге жуып, кептіріп, жүн иіріп, басқан киімімізді, ұйытқан қатығымызды, балалар қолынан шыққан дүниелерді лагерь қорытындысы бойынша ел-жұртқа көрсетіп, нәтижесін, бала еңбегінің жемісін паш етсек дейміз. Өйткені біздің мақсат – ұлтын, өз құндылығын сүйетін, ел болашағына қызмет ететін адал, еңбекқор, парасатты ұрпақ тәрбиелеу. Үйде, я кешеді ұялы телефонға телміріп отырғанда, балалардың осындай игі іске араласқанын дұрыс деп есептедік, сондықтан осы бағыттағы тәрбие жұмысын жалғастыра береміз. Бала жазда сиыр сауу, атпен серуендеу, қымызды баптауды үйренеді, – дейді мектеп директоры Жанат Тұрысбекқызы.

Лагерде әрі тыныққан, әрі шыныққан балалар өз денсаулығын нығайтып, жазда толыққанды демалып, жаңа оқу жылын тың күшпен бастамақ.

МЕНИҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫМ

Кітап оқитын оқушылар қазір көп деп айта алмаймын. Мен де бір кездері оқу адамды жалықтырады деп ойлаған едім. Бірақ кітапқа қызығу арқылы қазір кітап оқу, өзіңді дамыту ешқашан маңызын жоймайтынын түсіндім.

Антуан де Сент-Экзюперидің кітаптарын оқығаннан кейін кітап тек оқу құралы ғана емес, сонымен қатар сіздің жүйрік қиялыңыз, асқақ арманыңыз екенін түсіндім. Жазушы өткен ғасырда бір ғана туындысымен осы дүниенің байлығын көрсете білді. Астероидтермен саяхаттауды шешкен кішкентай баланың арқасында таңғажайып ғаламшар, тылсым әлем мен үшін ертегіге айналды. Осы кітапты оқығанда өзімді сол жерде екенімді сезіндім. Бұл – өте таңғаларлық жағдай.



Менің сүйікті кітабым «Кішкентай ханзада» деп аталады. Осы кітаптың арқасында мен балалық шағымның әрбір секундын бағалауды үйрендім. «Кішкентай ханзада» кітабы әлемде балалар мен олардың қалауынан артық ештеңе жоқ екенін айқын айғартады. Бұл кітапты балалық шағымнан айырылып жатқан адамдарға ұсынамын. Ертегідегі бала кейде ересектерге қарағанда даналық үлгісін көрсетеді. Ол адамның жан дүниесінде тәрбиелеуді қажет ететін махаббаттан, үйлесімнен, жұлдыздардың жарқырауынан, күн сәулесінен, гүлдердің иісінен ләззат алудың не екенін еске салады. Мұның бәрін ақшаға сатып алуға болмайды, бірақ мұндай қарапайым нәрселерсіз өмірдің мәні жоқ екенін айтады. Кішкентай ханзаданың көмегімен автор қазіргі қоғамға не жетпейтінін (қарапайымдылық, жеделдік, рухани тазалық) көрсетуге тырысады. Тек көзімнен қарайтын адамдар жалпы жемқорлықты, бос сөзді байқамайды. Ал бала жүрегімен қарайды, шынайы сезінеді, әлемнің жақсы жағын да, кемшілігін де көреді. Адам жан дүниесін тазартып, жақсылыққа, ізгі қасиеттерге ұмтылуы керек, ол басқа біреудің жауапкершілігін алудан қорықпауы керек, бұл оның рухани тұрғыдан жетілгенін білдіреді. Бұл әңгімеде достықты бейнелейтін түлкі: «Сен қолға үйреткен адамның тағдыры үшін жауаптысың» деді. Дұрыс сөз. Ертегінің соңы қайғылы бітеді. Бала жоғалған үйлесімді сағынады, бірақ балалық шақ қайтарылмайды. Экзюпері жасаған оқиға өзінің мәні бойынша өте әсерлі. Ол терең мағынаға ие, қажетті нәрселерді қарапайым түрде оқырманға жеткізеді. Ертегі маған қатты ұнады. Алғашында бірден түсіне қоймадым, кейін ойлана отырып, автордың не айтқысы келгенін түсіндім. Мейірім мен адамгершіліктің маңызы зор. Осы қарапайым құндылықтарсыз шындық ешқашан ашылмайды. Бұл адамның ересектер әлеміндегі ерсі қылықтарға ермеуіне, таза, пәк балалық шақтың тазалығын сақтауына көмектеседі. Қорытындылай келе айтарым, кітапты көп оқыңыз. Өйткені кітап оқитын адамдар зерек, алғыр келеді. Оқуында, жалпы өмірде табысты болады. Табысты адам әрқашан бақытты дегім келеді. Кітап оқудан ешқашан жалықпаңыз. Бұл – әлемді жарқын ететін дағды.

Инеш ІЦРБАЙ,
Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің
5-сынып оқушысы



ОҚУҒА ТАЛПЫНҒАН БАЛА КӨП

Оқу-ағарту министрлігі бүгінге дейін ел бойынша 1-сыныпқа қабылдау үшін 240 мыңнан астам өтінім келіп түскенін хабарлады.

1-сыныпқа қабылдау бойынша ең көп өтінім қабылдаған өңірдің бірі – Астана қаласы. Өтінім қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады.

Баланы 1-сыныпқа қабылдау үшін қажет құжаттар:

1) ата-анасының немесе заңды өкілдің өтініші;
2) 065/е нысанындағы «Профилактикалық екпелер картасы» және №052-

2/е нысанындағы «Бала денсаулығы картасы»;

3) баланың 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосуреті.

Ата-ана баласының құжатын egov.kz электронды үкіметінің веб-порталы арқылы бере алады. Өтініштер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында мектептерде қабылданады.



Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

Айта кеткен жөн, елімізде демографиялық саясатты реттейтін құжат әзірге қабылданған жоқ. Бұрынғы тұжырымдаманың мерзімі бітті. Халықтың саны табиғи өсім мен сырттан келген қандастар есебінен көбейетінін ескерсек, ұлттың болашағы үшін жаңа бағдарламаның қабылдануы кезек күттірмейтін мәселе болуы тиіс.

Сонымен, бала туудың негізгі үлесін 25-29 жас аралығындағы әйелдер құрайды. 30-34 жас аралығындағылар – 26%. 20 жасқа дейінгі әйелдер өткен жылы 12 мыңдай баланы дүниеге әкелсе, 50 жастан асқан әйелдер 96 балаға жарық өмір сыйлады. Туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау мен Түркістан облысына және Шымкент қаласына тиесілі. Ал ең төменгі көрсеткішті Солтүстік Қазақстан құрап отыр. Сондай-ақ ауылдық жерге қарағанда қалада туған балалардың саны артқан.

АЛҒАШҚЫ БАЛАНЫ КЕШ ТУАДЫ

«Бір бала туса, бір түп жусан артық шығады» деген нақылды қазіргінің коучтары күлкіге айналдырады. Әсіресе, әлеуметтік желілерде таралған қысқа видеоларда «Егер балаңа дұрыс білім бере алмасаң, дұрыс киім өпер алмасаң, сапалы қылып өсіре алмасаң, тума!» деген ақылдан бөлек, «Сені жігіттің бағаламаса, астыңда үйі болмаса, қалауыңа қол жеткізе алмасаң, тұрмысқа шығуға асықпа» деген кеңестер де жетіп артылады. Ақылын тегін де айтатын, ақшаға да сатытын психологтардың сабағын тыңдаған қыз-келіншектердің қабылдаған шешімі демографиялық ахуалға қаншалықты әсер ететіні белгісіз. Дегенмен, дәл қазіргі таңда әйелдерде алғашқы баланы дүниеге әкелу жасы ұлғайып барады.

«Бала туу төмендейтінін екі жыл бұрын айтқанмын. 2020-2021 жылғы «беби бум» отбасына үшінші және төртінші балалардың туылуына байланысты болды. Жалпы, туудың негізгі көрсеткіштерін алып қарайтын болсақ, алғашқы некеге тұру жасы да, алғашқы баланы дүниеге әкелу жасы да ұлғайып барады. Соңғы санақ қорытындысы бойынша, әйелдер 1-2 баладан артық тууды қаламайды. Бұл, әсіресе, қазақтардың арасында кеңінен тарап келеді. Мұның себебін анықтау үшін, міндетті түрде әлеуметтік сауалнама жүргізуіміз керек» дейді ұлттық сарапшы-демограф Аяулым Сағынбаева. Оның айтуынша, демографияның заңдылықтарын алып қарайтын болсақ, қазіргі кезеңде еліміз демографиялық революцияның үшінші, төртінші фазасына өтіп келеді. Мұндай кезде туу деңгейінің төмендеуі анықталады. Бұл – дүние жүзінің бәрінде болып жатқан трендтердің бірі.

«Сонымен қатар активті репродуктивті жаста баланы дүниеге әкелетін 1998, 1999, 2000 жылдары туылған әйелдердің де саны аз. Бұл да бір себеп. Мұның бәрі бір күнде пайда болған дүние емес, біртіндеп-біртіндеп қалыптасқан жағдайдан туындап отыр. Ендігі кезекте туу деңгейі төмен өңірлерге арнайы бағдарлама енгізгені жөн. Бізде ондай өңірлерге туудың жалпы коэффициенті 2/1 төмен өңірлерді жатқызуға болады. Оған Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары жатады» дейді ұлттық сарапшы.

Сұлтан СЕЙІТ



**2023 ЖЫЛЫ БІР
ӘЙЕЛГЕ ШАҚҚАНДА
2,96 БАЛАНЫ ҚҰРАДЫ**

ТУУ НЕГЕ ТӨМЕНДЕДІ?

Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сүйенсек, елімізде бала туу көрсеткіші соңғы бес жылдағы ең төменгі деңгейге жеткен. Нақты айтқанда, 2023 жылы Қазақстанда 388,4 мың сәби дүниеге келді. Мамандар бұл көрсеткіш 2027 жылға қарай әлі де төмендейтінін айтады.

12 МЫҢ ТЕҢГЕ КІМНІҢ ЖЫРТЫҒЫН ЖАМАЙДЫ?

Бала туу көрсеткішінің өзгеруіне кері әсер ететін факторлар көп. Бала туатын жастағы әйелдердің санының аздығы, отбасы құндылықтарының өзгеруі, жастар арасындағы ажырасу, соңғы кезде белең алған бедеулік және көпбалалы отбасыларға төленетін әлеуметтік төлемдердің түкке жетпейтінін атауға болады.

«Елдің әлеуметтік жағдайы керемет емес, қымбатшылық бір бүйірден қысып тұр. Аспандап кеткен бағаға тұсау жоқ. Қара халық қазір киімді емес, бірінші тамақ пен жол ақысын ойлап тұратын жағдайда. Көпбалалы аналардың еңбекқорлығын осы қымбатшылықпен,

күтеді, құжатын өткізіп қойып, кемі алты ай тағы күтеді. Сондағы ардақты аналарға беретін жәрдемақысы 23-ақ мың теңге. Бұл атақты алтыншы, жетінші баланы туып жатқан анаға рақмет айтып, бірден бермей ме? Берсе де, баланың өмірге келген күнінен бастап есептемейді. Менің ойымша, демографиялық саясатымызға соны сипат, үлкен өзгеріс керек» дейді көпбалалы ана Гүлжан Оралбайқызы.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ БӘРІНЕ ҚОЛДАУ КЕРЕК

Астана қаласында 37 968 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде – 31 430 төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасылар. «Күміс алқа», «Алтын алқамен» ма-

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА 37 968 КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ БАР. ОНЫҢ ІШІНДЕ – 31 430 ТӨРТ ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАР. «КҮМІС АЛҚА», «АЛТЫН АЛҚАМЕН» МАРАПАТТАЛҒАНДАР САНЫ – 6538

қамқорлықтың аздығымен байланыстырамын. Әр балаға берілетін 12 мың теңге кімнің жыртығын жамайды? «Баланы тудық, енді асырайық» деген жанкештілік жатқан сияқты. Біздегі демографиялық саясат әлі де дұрыс емес. Неге? Біріншіден, әр балаға бөлінетін жәрдемақы өте аз. Және оны төртінші бала болғанда ғана бергені, тіпті, дұрыс емес. Оны әр отбасы бірінші баласынан бастап алсын. Тағы бір мәселе – «Күміс алқа», «Алтын алқа» төңірегінде. Бұл статусты анаға алтыншы баланы туа сала беру керек деп ойлаймын. Ал бізде баланың 1 жасқа келгенін күтеді. Ол дұрыс емес. Оны

рапатталғандар саны – 6538.

Ашығын айту керек, Қазақстанда көпбалалы отбасыларға қолдау барлық өңірлерде бірдей емес. Еліміздің түкпір-түкпірінде тұратын аналардың көбі тек мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік жәрдемақымен ғана қамтамасыз етілген. Ал Астана, Алматы қалаларында жергілікті әкімдік тарапынан түрлі жеңілдіктер мен көмектер беріледі. Мәселен, астаналық көпбалалы әйелдер жолаушылар көлігінде тегін жүреді, атаулы әлеуметтік төлем алатындар екі жылда бір рет стоматологиялық протездеу қызметіне жүгінеді, 8 Наурыз мерекесінде аз болса

МАМАН МІНБЕРІ

**Шынар ТӨЛЕШОВА,
демограф-сарапшы:**

Нақты деректерге сүйенсек, 2023 жылы бір әйелге шаққанда 2,96 баланы құрады. Бұл карантинге дейінгі 2019 жылғы деңгейден сәл жоғары. Жалпы, 2020, 2021 пандемия жылдарында туу бір әйелге 3,32 бала деңгейіне көтерілді. Әдетте мұндай жағдай 1-2 жылға ғана созылады. Одан кейін туу біртіндеп түседі. Сондықтан 2022-2023 жылдардағы туу көрсеткішінің төмендеуін осымен байланыстыруға болады. Енді туу көрсеткіші одан әрі қарай төмендей бере ме деген сұрақ туындайды. Төмендеуі мүмкін, бірақ елімізде ешқандай саяси, әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар болмаса, бір әйелге 2,0 баладан төмен түспейді деп ойлаймын.

Қазіргі уақытта демографиялық саясат жолға қойылмаған. Көпбалалы отбасыларға берілетін жеңілдіктер әлеуметтік саясат ретінде, өлім-жітімді азайту денсаулық сақтау саласындағы саясат, көші-қон бөлек саясат ретінде жүзеге асырылуда. Ал демографиялық саясат жеке саясат ретінде тек халық саны азайып, қалайсыз демографиялық жағдай қалыптасқан кезде болуы мүмкін. Бүгінде қолайсыз демографиялық ахуал тек солтүстік өңірлерде қалыптасқан.

да бірреттік ақшалай төлем алады, күнкөріс деңгейіне сәйкес көмір сатып алуға көмек алатындар бар. Ал туу көрсеткіші төмен өңірлерде мұндай қолдау қарастырылған деп айта алмаймыз. Өйткені мәселенің барлығы айналып келгенде, жергілікті бюджеттің бүйіріне кеп тиеді.

«Көпбалалы аналар қоғамдық көлікте тегін жүруі тиіс және оларға жылына бір рет шипажайда демалу мүмкіндігін берсе де жарасады. Жаз мезгілінде ең болмаса бір баламызға лагерге жеңілдетілген жолдама қарастырылса екен. Мектеп аханасында тегін тамақтану болмаса да, бір стақан айран мен бәліш беруге Үкіметтің неге шамасы жетпейтініне таң қаламын. Өткенде әрбір ит-мысықты қорғауға ақша бөлінетінін оқып, алдымен неге елдің болашағы балаларымызға көңіл бөлмеске деген ойдың келгені жасырын емес. Егер қажетті деңгейде қолдау болмаса, қазақтың саны қалай көбейеді?» дейді Астана іргесінде тұратын «Алтын алқа» ана Салтанат Базарбекқызы.

КӨРШІ ЕЛДЕРДІҢ КӨШІ ҚАЛАЙ?

Қырғызстанда және Молдовада көпбалалы отбасылар үшін бөлек төлемдер қарастырылған. Бірақ мемлекет аз қамтылған отбасыларға жәрдемақы төлейді. Ал Әзербайжанда бес немесе одан да көп баласы бар отбасыларға мемлекеттен әр балаға 105 манат, яғни 27 650 теңгеден беріледі. Арменияда үш баласы барлар көпбалалы болып саналады. Үшінші және әрбір келесі бала үшін мемлекет балалары алты жасқа толғанға дейін ай сайын біздіңше, 47 мың теңгеден төлейді. Сондай-ақ біржолғы жәрдемақылар бар. Үшінші және төртінші бала туылған кезде әр анаға 947 мың теңгеден, ал бесінші бала дүниеге келгенде 1 млн 420 мыңдай алады. Белоруссияда да үш баладан бастап көпбалалы болып саналады. Басқа елдерге қарағанда аталмыш елде көпбалалы аналарды қолдау жағы әу бастан тиімді жолға қойылған. Мәселен, үшінші және

одан кейінгі балалар туылған немесе асырап алынған кезде әр анаға бір реттік 4 млн теңгеден беріледі. Тұрғын үй алу үшін жеңілдетілген несиеден бөлек, еңбек, салық және зейнетақы салаларында қосымша жеңілдіктер бар.

КЕМУ ПРОЦЕСІН ТОҚТАТУ ҚИЫН

«Көрші елдермен салыстырғанда біздің жағдайымыз жақсы. Әлеуметтік төлемдер аз деп айтқанмен, демографиялық ахуал жағынан, даму деңгейі жағынан Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдерде біздегідей бәрине бірдей төлем жасалып келеді. Бірыңғай төлемдер тек әлеуметтік осал топтарға ғана беріледі. Бізде табыс көзіне қарамастан берілетін төлемдер бірдей. Жұмыссыздарға бөлек төленеді. Көбінде Ресейдегі «Ана капиталымен» салыстырып жатады. Бірақ, ол елдің ахуалы мен проблемала-

ры әлдеқайда күрделі екенін ұмытпауымыз керек» дейді ұлттық сарапшы-демограф Аяулым Сағынбаева. Оның баяндауынша, мемлекетте әлі демографиялық саясат жоқ. Сондықтан нақты қандай межеге жетіміз керек, бағытымыз қандай деген сұраққа жауап беру қиындау. Алдымен демографиялық саясатқа жауапты орган тағайындалу керек. Қазіргі таңда Қазақстанның туу деңгейінде негізінен, өңірлердің проблемасын шешу маңызды. «Өйткені бірінші тоқсанды алып қарайтын болсақ, Солтүстік Қазақстан облысында бірнеше жылдан бері табиғи демографиялық кему болып жатыр. Шығыс Қазақстан облысында да кему басталды. Бір басталған процесті дер кезінде қолға алмаса, ары қарай тоқтату қиын болады» дейді маман.

ЕНДІГІ ҮМІТ – ҚҰЖАТТА

Осыдан төрт ай бұрын сенатор Әсем Рахметова Қазақстанның 2050 жылға дейінгі демографиялық саясатының тұжырымдамасын әзірлеу туралы ұсынысын айтқан болатын. Өйткені халық санының өсу-төмендеу динамикасы соңғы 30 жылда түбегейлі өзгеріске ұшырады.

«Бүгінгі күнге дейін мемлекеттік деңгейде қолданылып келген декларативті сипаттағы демографиялық болжамдар елдің даму перспективаларына сәйкес келмейді. Ал біз осы уақытқа дейін қолданып келген Аумақтық даму жоспарында белгіленген болжамдар бойынша, 2025 жылға қарай Қазақстан халқының саны 19,8 млн құрауы тиіс еді. Демек, елімізде соңғы уақыттарда қабылданып жатқан саяси, стратегиялық даму бағдарламаларында, еңбек нарығында, білім гранттарын бөлуде және басқа да экономикалық-әлеуметтік шешімдерде халықтың демографиялық өсімдері тиісінше ескерілмеуде. Бұл кез келген бағдарламалардың сапалы орындалуына, жоспарлы индикаторларға қол жеткізуіне айқын кедергі болады» деген еді сенатор. Елімізде демографиялық теңгерімсіздік мәселелерін шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесі көңіл көншіпейтінін ашық айтқан еді. Сондықтан қолданыстағы бағдарламаларды кешенді түрде қайта қарастыру үшін тиісті бірнеше шараларды қабылдауды ұсынды. Дегенмен, бәрі – уақыттың еншісінде.

ТҰРАР РЫСКҰЛОВ – 130 ЖЫЛ

Сапар барысында үкіметтік деңгейде қабылдаулардың, кездесулердің болғандығы жөнінде дерек жоқ. Т.Рысқұловтың өзі де түрлі жазбаларында ондай қабылдаулар жөнінде дерек қалдырмаған.

Германияға жастардың оқуға жіберілуі, олардың кейінгі тағдыры жайлы өзбекстандық ғалым Шералы Турдиев Ташкенттегі және Германиядағы архивтердің деректері негізінде «Улар Германияда ұқпаған әдилар» деген көлемді еңбек жазған еді. Зерттеуде Тұрар Рысқұловтың есімі жалпы мәселелер қатарында айтылып кеткендігі болмаса, оның осы сапардағы атқарған қызметі толық ашылмаған. Мәскеу архивінен қолымызға ілінген құжаттар тақырыпты деректік негізде тарқатуға мүмкіндік береді.

Түркістан Республикасы үшін аса қажетті мамандықтар бойынша шетелге оқуға студенттер жіберу мәселесі Ағарту халкомы деңгейінде бірнеше рет көтерілген. Бұхара Халық Республикасының басшылары Файзулла Қожаев, қайраткер, оқымысты профессор А. Фитрат тарапынан да осындай бастамалар көтеріліп, соңында Түркістан Республикасымен бірге осы мәселе шешімін табады. Нәтижесінде 1922 жылдың соңында Түркістан мен Бұхарадан 70-ке жуық әртүрлі жастағы жігіттер мен қыздар Германияның түрлі қалаларына оқуға аттанады. Олардың таңдаған мамандықтары өлке үшін маңызды салаларды қамтыды. Атап айтқанда, ауылшаруашылығы, тоқымашылық, химия, электротехника, былғары өндіру, фалсафа, педагогика, медицина мамандықтары еді.

Ф.Қожаев шәкірттерді Германияға алып баруды бұхаралық зиялы Абдувахид Бұрханов пен Германиядан келген татар зиялысы Әлімжан Идрисие және А.Ф.Каменскийге тапсырады. Бұхарда медресе бітіріп, Түркия, Германияда болып келген Әлімжан Идриси Германияға баратын шәкірттердің басшысы болып тағайындалады.

Бұхара мен Түркістаннан Германияға оқуға барған жастарға Сыртқы істер халкомының орынбасары Чичерин және басқалар арқылы стипендия, сәлем-сауқат жіберіліп тұрған. Сонымен бірге олардың тұрмыстық жағдайы, оқу барысымен қатар саяси идеялық көңіл-күйлері де кеңестік билік тарапынан жіті қадағалауда болған.

Шәкірттердің оқуын жалғастыруына байланысты Ф.Қожаев, А.Фитрат, Түркістан Үкіметінің төрағасы Т.Рысқұловтар көп көмек көрсетіп тұрған. Әйтсе де, Түркістанда басшылық қызыметтерде болған европалық қайраткерлер жастардың Германияда оқуларын жалғастыруларына қарсылық жасап, оларды елге қайтаруға мүдделі болды. Мысалы, В.Куйбышев 1922 жылдың соңында Германияға жіберілген жастарды қайтарып, оларды Мәскеуде оқытуды қатты талап еткен, ал оған Ф.Қожаев қарсылық білдірген. Бұл жағдай ресми орындарда да көтеріліп, оның соңы 1923 жылы Түркістан Халкомкеңесінің төрағасы Т.Рысқұловтың түркістандық және бұхаралық студенттердің хал-ахуалымен танысу мақсатында Германияға баруына ұласты. Осы сапарының мақсаты туралы Т.Рысқұлов 1923 жылдың 2 желтоқсанындағы мақаласында «Германиядағы ортаазиялық студенттердің жағдайымен танысу және олардың оқуын жалғастырудың жағдайы мен қажеттілігін анықтау» болғандығын жазады.

ГЕРМАНИЯ САПАРЫНЫҢ САЛДАРЫ

Хазретәлі ТҰРСҰН,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Тұрар Рысқұлов Түркістан Автономиялы Республикасы Үкіметінің басшысы ретінде 1923 жылдың күзінде Германияға сапармен барғаны белгілі. Бұл сапар БК(б)П Орталық Комитетінің келісімімен жоғары деңгейде ұйымдастырылған ресми сапар болатын. Сапардың басты мақсаты – Түркістан мен Бұхарадан Германияда оқып жүрген студент жастардың жағдайын білу және екі ел арасында осындай жұмыстарды жалғастыру мүмкіндігін қарастыру еді.



Осы айыптаулардың табан тірейтін дәйегі Т.Рысқұловтың 1923 жылғы Германияға сапарына қатысты болды. Жоғарыдағы аталған Т.Рысқұловтың тергеу хаттамасы барлығы 25 парақты құраған болса, оның үш парағында осы сапарында студенттермен «жүргізген» агентуралық жұмыстары, Германия сыртқы барлау қызметімен кездесулері, Түркістанға неміс өнеркәсібінің концессияларын орналастыру, Кеңес Одағынан бөлінген жағдайда Түркістан мен Қазақстанның Германия протекторатына көшуі және т.б. туралы өзара «келіссөздерді» құрайды.

боламыз: Т.Рысқұловқа осы сапары үшін 20 мың алтын ақша немесе 2 мың червонец бөлінген. Ол америка долларына ауыстырылғанда 9500 долларды құраған.

Осы қаржының жаратылуы жөнінде Т.Рысқұлов құзырлы органдарға жазбаша есеп береді. Қаржының басым бөлігі студенттерге стипендия ретінде таратылған. Атап айтқанда, түркістандық 11 студенттің әрқайсына 200 доллардан 1923 жылдың соңғы төрт айына және 1924 жылдың қаңтар айларына стипендия берілген. Студенттік Бюро кеңесінің шығындарына – 100, Д.Битілеуовтың жеке қажеттілігіне – 20, Шығысқа қатысты кітаптар сатып алуға – 67, Халық комиссарлар кеңесіне қажетті кеңсе құралдарына 950, Ағарту халкомы үшін микроскоп сияқты тауарларға 531 доллар жұмсалған. Осы есепке қарап отырып Т.Рысқұловтың фотограф және кинооператорлар жалдағандығын, студенттермен Берлин қаласын аралап,

фильм түсірткенін аңғарамыз. Демек, бүгінгі күні аса маңызды дерекке айналып отырған Германияда оқыған студенттер өмірінен түсірілген кино-фото құжаттар архивтерде сақталуы әбден мүмкін.

1923 жылдың 17 қыркүйегі мен 10 қазаны аралығында Т.Рысқұловқа жолбасшы және аудармашы болып қызмет көрсеткен Ф.Бірімжановқа 100 доллар төленгендігіне қарап, қайраткердің Германияда болуын осы аралықпен шектеуге болмайды. Ол ресми құжаттарының бірінде Германияда бір айдан астам болғандығын жазады.

Ендігі мәселе, Германияда оқыған қазақ студенттерінің саны ресми құжаттарда төртеу деп жазылса (Ф.Бірімжанов, Д.Мұңайтпасов, Д.Битілеуов, Т.Қазыбековтер), «Ақ жол» газетіндегі жарияланымдар олардың бесеу екендігін айтады. РГАСПИ қорларындағы құжаттардан олардың бесіншісі Бөкей губерниясы Теңіз уезінің тумасы, Қазан университетінен Түркістан университетіне ауысқан Сабыр Танашов болып шықты. Ол Берлин ауылшаруашылығы институтының қант қайнату факультетінде оқыған. Оның «түркістандық стипендия алушылар қатарына қосып», өзіне «стипендия тағайындау» туралы өтінішін қанағаттандырған Т.Рысқұлов оған екі айлық стипендия бергені.

Дегенмен, ол жастарды елге қайтаруға байланысты мәселелер толастамады, олардың үстінен қадағалау күшейе түсті. Қайраткердің осы сапарының салдары өзі үшін өте ауыр болды. Ең алғашқы сынақ, Т.Рысқұловтың Германия сапарының қаржылық есебі түрінде көрініс берді.

Қысқасы, Германияға сапарына жұмсалған қаржы жөнінде көтерілген даңғазға наразы болған Т.Рысқұлов 1923 жылдың 18 желтоқсанында Сталин мен Рудзутактың атына хат жазып, өзінің әрбір қадамын аңдыған бұндай әрекетке наразылығын танытады. Т.Рысқұловтың Германияға сапарының ең үлкен салдары «Үлкен террор» кезінде оның шетелдегі пантюркішіл ұйымдармен байланысын айғақтайтын дәлел, дәйек түрінде көрініс тапты. Ол қамауға алынғаннан кейін жүргізілген алғашқы тергеулерінің бірінде, атап айтқанда, 1937 жылдың 3 шілдесіндегі тергеу хаттамасында «Осының бәрі менің Германияға сапарымнан басталды» дей келіп, «шетелге студенттер жіберуді мақсат эмиграциядағы пантюркішіл ұйымдармен байланыс

орнату болғандығын, сол үшін де баратындар қатарына ұлтшыл жастар таңдалғандығын» көрсетеді. Сол студенттер қатарында Ғазымбек Бірімжановтың есімі ерекше аталады.

Мәскеуде биліктің жоғары эшелонында қызмет істеген қазақ ұлттық саяси элитасы өкілдері – Н.Төреқұлов, Т.Рысқұлов, С.Қожаев, Н.Нұрмақовтардың «Үлкен террордағы» айыпталуы 1937 жылдың 8 маусымындағы КСРО Ішкі істер халық комиссариаты Мемлекеттік қауіпсіздік Бас басқармасының «кеңеске қарсы пантюркістік ұлтшылдық ұйымдар туралы» циркуляр хатымен байланысты. Ол хат осы жылдың көктемінде Орта Азия мен Татарстан республикаларында ұлт зиялыларын түтқынға алу науқаны негіз нәтижесінде жазылды. Циркуляр хатта соңғы кезде шығыс республикалары мен облыстарда кеңеске қарсы астыртын жұмыс жасайтын ұлтшылдық элементтердің белсенділігі артып отырғандығы айтылған. Олардың қызметі танымал «Алашорда», «Муссават», «Милли-Фирка», «Милли-Иттихад» ұйымдарымен байланыстырылады. Осындай айыптаулармен Т.Рысқұлов 1937 жылдың 21 мамырында түтқынға алынды. Н.Ежовтың жолдама хатымен ұсынылған олардың тергеу хаттамаларымен Сталиннің өзі тікелей танысып, тиісті нұсқаулар беріп отырған. Демек, саяси қуғын-сүргіннің түйінін иірімінен алаштық, ұлтшылдық идеясына тартылған ұлттық элита құрамынан ешкімнің де аман қалуы мүмкін емес еді.

Тергеушілер пантюркістік ұйымдардың Кеңес өкіметіне қарсы іс-әрекеттерін әсірелегендігі соншалықты ол тіпті сандыраққа айналып кеткен. «Біздің пантюркістік ұйым толық мағынасында біртіндеп Герман фашизмінің Кеңес Одағындағы барлау агентурасына айналды. ...Менімен және Мәскеудегі Герман елшілігімен байланыс Төреқұлов пен Хакимов арқылы іске асты» деген сандырақты мойындауға бір басына қайсарлығы жетіп артылатын Т.Рысқұловтың психологиялық және физикалық қысымсыз қол қоюы мүмкін емес еді. Сол кезде қамауға алынған қайраткерлерді тергеудің қатаң тәртібі қалыптасты. Тергеудің адам құрғын аяққа таптап, өрескел жүргізілгендігі өз алдына, «қажетті» мойындауын алу үшін тергеуші ұрып-соғу тәсілін қолданды.

Тұрар Рысқұлов 3 шілде 1937

жылғы тергеу хаттамасында Рыковтың Мәскеу мен Орта Азиядағы және Қазақстандағы шетелдік елшіліктермен байланыс орнату туралы ұсынысынан соң бірін-бірі алмастырып, Геджас-Аравияда КСРО өкілетті елшісі болып қызмет істеген Төреқұлов және Хакимовпен кездескендігін, ол екеуінің Германия, Жапония және Түркияның барлау органдарымен ертеден байланыста болғандығын айтады. Саяси қуғындау аппаратының мүлтіксіз және жоспарлы түрде жасаған тергеушілер алдына келген айыпталушының кез келген байланыстарын өз қалауларына сай бұрып алатындығы және мойындататындығы белгілі.

Осы айыптаулардың табан тірейтін дәйегі Т.Рысқұловтың 1923 жылғы Германияға сапарына қатысты болды. Жоғарыдағы аталған Т.Рысқұловтың тергеу хаттамасы барлығы 25 парақты құраған болса, оның үш парағында осы сапарында студенттермен «жүргізген» агентуралық жұмыстары, Германия сыртқы барлау қызметімен кездесулері, Түркістанға неміс өнеркәсібінің концессияларын орналастыру, Кеңес Одағынан бөлінген жағдайда Түркістан мен Қазақстанның Германия протекторатына көшуі және т.б. туралы өзара «келіссөздерді» құрайды.

Т.Рысқұловтың тергеу хаттамасындағы Түркістан мен Қазақстанда жұмыс істеген пантюркістік ұйымдар «неміс барлау агентурасына айналды» деген көрсету тергеушілердің кішкене детальдан үлкен конструкциялар жасайтын «шеберлігімен» үлкен айып болып тұжырымдалды. Т.Рысқұлов пен С.Қожаевты пантюркіштік ұйымның басшылары ретінде 1938 ж. 8 ақпанына дейін Бутырка түрмесінде ұстап, Мәскеуде тергелген қазақ саяси элитасының ең соңынан үкім шығарған. Т.Рысқұловтың Германияға сапарының себептері ізгі мақсаттарды көздегенімен тоталитарлық биліктің қуғындау саясаты барысында оның салдары жеке өз басы үшін ғана емес, өзге тұлғалар үшін де орны толмас қасіретке айналды.

Түркістан мен Бұхарадан жастардың Германияға оқуға жіберілуі – Орта Азия халықтарының мәдени дамуында үлкен құбылысқа айналған еді. Өкінішке қарай, тоталитарлық биліктің кеңестік гуманитарлық кеңістік қалыптастыруды көздеген саясаты бұл бастаманы үзіп тастады.

БИЫЛ АСТАНАДА 4 КІТАПХАНА АШЫЛАДЫ

Кітапхана – теңдессіз білім ошағы. Қоғамның өркендеуі, адамзаттың өсуі кітаппен тығыз байланысты. Жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде.

«Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты елордалық кітапханалар – көркем әдебиеттің қомақты қоры жинақталған, барушылар үшін іздеген кітаптарын жедел және шығынсыз танысуға мүмкіндік беретін басты дереккөз. Яғни бұл жер оқу, жұмыс және қарым-қатынас, шығармашылық даму үшін ашық кеңістікке айналды. Мұнда күн сайын қызықты іс-шаралар, таңғажайып және интеллектуалды адамдармен кездесулер өтеді.

Астана қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрамына 18 кітапхана кіреді. Кітапхананың жалпы кітап

қоры – 782000. Оқырман саны 83200-ден асады. Кітапханалар қала тұрғындарының барлық санатына дәстүрлі кітапханалық қызмет көрсетеді. Бұл кітапханаларда жергілікті оқырмандардың ақпараттық қорларға еркін енуіне жан-жақты жағдай жасалған.

– Қазір елордада Астана әкімдігінің қолдауымен 4 ғимаратта жөндеу жұмыстары жүріп жатыр, көп ұзамай пайдалануға беріледі. Сонымен бас қаладағы кітапханалар саны 22-ге жетеді. Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсанын-

шы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдай түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек» деген еді. Міне, осы бастамаға үн қосу мақсатында бас қалада да бір қыдыру жұмыстар атқарылуда. Биыл қала күніне орай кітап фестивалін өткізуді жоспарлап отырмыз. Жалпы «Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» жыл сайын 2000-нан астам іс-шара өткізіп, оқырман ықыласына бөленіп келеді, – деді Астана қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі мекемесінің



басшысы Гүлбадан Сақтапқызы. Кітапханалардың кітап қоры тарихына келетін болсақ, ол сонау Кеңес өкіметі заманының 1974 жылдарынан бастау алады. 1974-1998 жылдар аралығындағы кітапханалар жүйесінің кітап қоры – 569 мың дана. Оның ішінде мемлекеттік тілдегі

әдебиеттердің саны небәрі 38 мың 247 дана болатын. Қазіргі барлық кітапханалар компьютерлік технологиялармен жабдықталған. Кітапханалық бағдарлама 2000 жылдан бері РАБИС-пен жұмыс істейді. Интернет желісіне де қосылған. 2007-2009 жылдары ақпараттық

теңсіздікті азайту аясында Астана қаласы әкімдігінің арнайы компьютерлер бөлуінің нәтижесінде жеті «Компьютерлік сыныптар» кітапханасы ұйымдастырылды. Алдағы уақытта Астанада тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу да жоспарланып отыр.

ЖАТТЫҒЫП, СЕРГЕК ЖҮРІҢІЗ!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында бұқаралық спортты дамыту мәселесіне барынша назар аударып «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз» деген болатын.

Президенттің осы тапсырмасын орындау мақсатында «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітілген. Міне, соның шеңберінде Олимпиада чемпионы Серік Сәпиевтің бастамасымен 2020 жылғы мамырда Қазақстанда пилоттық режимде «AULAFIT» әлеуметтік жобасы іске қосылды. Содан бері төрт жыл бойы жүзеге асып келе жатқан бұл жобаның қатысушылары да күн санап артауда.

Күні кеше ғана елордамыздың Н.Тілендиев 38 мекенжайы бойынша орналасқан Көктал тұрғын үй кешенінің футбол алаңында аталған жобаның

маусымдық ашылу рәсімі өтті. Жобаның ашылу салтанатына Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының спорт бөлімінің басшысы Азамат Азамов, Гиннестің рекордтар кітабының рекордшысы Сергей Цырульников және QNP Business School басшысы Руслан Баймағамбетов қатысты.

Тұрғындарды арнайы жобаның ашылуымен құттықтаған Азамат Ғазезұлы аталған жобаның ел үшін өте игі бастама болғанына айырықша тоқталды.

– Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асып жатқан бұл жоба жаз бойы қала тұрғындары үшін тегін түрде қызмет көрсететін болады. Сондай-ақ тәжірибелі жаттықтырушылардың жетекшілігімен аптасына


үш рет қаланың 10 ауласында арнайы жаттығулар өткізіледі, бұл кез келген спортсүйер адамдардың қажетін қанағаттандырады деп сенеміз, әрі бұл жобаның нәтижесін біз алдағы уақытта өсіріп отырған ұл-қыздарымыздан көретін боламыз. Шын мәнінде бұл халқымыздың денсаулық сапасын анағұрлым арттыруға өз септігін тигізуде, – деді ол.

Айта кету керек, «AULAFIT» жобасы қазіргі уақытта Астана қаласы әкімдігінің, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының және Спорттық-бұқаралық іс-шараларды дирекциясының қолдауымен елорданың 5 ауданында, 30 ауласында жүзеге асырылады.

Шапағат ӘБДІР



ЖӘМИЛА ТОП ЖАРДЫ



Венгрия астанасы Будапешт қаласында өткен күрес түрлерінен рейтингтік турнирде 72 келіде финалда сынға түскен астаналық Жәмила Бақбергенова мажарстандық Ноами Сзабадосты 12:11 есебімен жеңіп, жарыстың жеңімпазы атанды.

Аталған салмақта 3-орын үшін белдесуде Гүлмарал Еркебаева украиналық Ирина Заблоцканы 4:1 есебімен қапы қалдырып кетті. Ал 59 келіде 3-орын үшін белдесуде Диана Каюмова тағы бір отандасымыз Ирина Кузнецованы 6:4 есебімен осал тұсын тапты.

Жарыстың алғашқы күні, ел құрамасынан Әлішер Ергали (97 келі) алтын, Юсуп Батырмырзаев (125 келі) күміс, Ризабек Айтмұқан (97 келі) қола алған еді.

ВЕЛОШЕРУШІ ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

«Астана – есірткісіз қала» ұраны аясында елордада 1000-ға жуық адам велосшеруге қатысты. Әлемдік World Population Review ұйымының 2024 жылғы зерттеуіне сәйкес, Қазақстан есірткіні ең көп тұтынатын ТОП-10 мемлекеттің қатарына кіреді.

Астана полиция департаменті мен қала әкімдігі бірлесіп өткізген спорттық іс-шара – өскелең ұрпақ арасында есірткі қылмысымен күресу, сондай-ақ жастарды есірткіге әуес болмай, бос уақытын дұрыс пайдаланып, спортпен айналысуға шабыттандыру мақсатында өткен іс-шара, бастысы, нашарлық мәселесіне қоғамның назарын аударуға бағытталды.

Таңғы 8-де басталған спорттық шарада қатысушылар Тұран даңғылы мәдениет және демалыс саябағынан – «Қазақстан күні» монументі – Қорғалжын тас жолынан оңға бұрылып, MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY-не дейін барып, кері қайтты. Жалпы қашықтық 10 шақырымды құрады. «Тәні саудың – жаны сау» деген сөз текке айтылмаған. Баланы кішкентай кезінен спортқа баулыса,



өзінің өмірін реттеуге мүмкіндік алады. Бала кезден жақсы жол көрсетілсе, оның жаман жаққа кетуі ықтималдығы азаяды. Астанада спортпен айналысу үшін барлық жағдай жасалған» деді спорттық жарысқа арнайы қатысқан грек-рим күресінен әлем чемпионатының бірнеше мәрте жүлдегері Алматы

Кебіспаев. Веложарыс есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашарлықтың алдын алу жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың, сондай-ақ Нашарлыққа қарсы күрес күнін мерекелеуге арналған айлықтың тармақтарын іске асыру шеңберінде өткізілді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №69

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ